

«Жас-Дарын-2» бастауыш мектебінің
директоры: Б.М.Шеримов
31.08.2025



2025-2026 Оқу жылына арналған Шахмат үйірмесінен оқу жұмыс жоспары

2025-2026жж

Түсінік хат

Қазіргі ақпараттандыру технологиясының кең дамыған кезінде оқушылар үлкен ауқымды ақпараттарды тез қабылдап, сараптап, логикалық қорытындылар жасай білулері керек. Логикалық және жүйелі ойлауды қалыптастыруда шахматтың алатын орны зор. Ол оқушылардың аз уақытта ойлдарын шоғырландыруына, туған жағдаятты сараптауға және шешім шығаруға үйретеді және алдына қойған мақсатына жетуге, төзімділікке тәрбиелейді.

Шахмат – екі тұлғаның көрнекі түрде сайысу түрі. Ол бізге адамның шығармашылық дәрежесін анықтауға қажет. Шахмат ойнаушының үнемі жетілуінен, жүйелі түрде дайындық сағаттарын жүргізуден кейін нәтиже күтуге болады. Сонымен қатар шахматты үйретудегі жаттықтырушының шығармашылық деңгейінің жоғары болуы қажет.

Бағдарлама:

Авторлық бағдарлама мемлекеттік стандартқа сүйене отырып жазылды. Осы бағдарлама сабақтан тыс білім беру жүйесінде шахматты үйрету жүйесі оқушылардың жеке қабілеттіліктерін айқындап, жетілдіре отырып оның тұлға ретінде жалпы жетілуі мен тәрбиесіне бағытталады.

Мақсаты:

Жеке тұлғаны жетілдіру қиын мәселе болғандықтан, шахматты үйретудің құрылымы мен мазмұны мақсатқа бағытталған мінез қалыптастыруға тәрбиелейді.

Міндеттері:

Оқушылардың логикалық ойлау әлемі мен бейнелеп ойлаудың сұлулығын бойлатып, қоршаған орта туралы елесін кеңейту.

Күтілетін нәтиже:

Жаттығу ойындарында, мектепшілік, аудандық шахмат сайыстарына қатысуында.

Аңдау хат:

Бағдарламаның өзектілігі мектептегі оқушыларға педагогика жағынан тәрбиелік мәні зор екендігі атап көрсетілді.

Бағдарламаның негізгі мақсаты:

Шахмат сабағы арқылы шығармашыл, дарынды жеке тұлға жетілдіруге жағдай жасау.

Міндеттері:

1. Шахматтың шығу тарихымен таныстыру, ойын ережелерін үйрету, оқушыларға шахмат ойыны туралы теориялық білім беру, сайыстар өткізу ережелерімен таныстыру.

2. Тұлғаның логикалық ойлауын, есте сақтауын, орнықтылығын жаңа басқа да жағымды қасиеттерін жетілдіру;

3. Айналасына ұқыптылықпен қарау, жеке қасиеттерін жетілдіруге ұмтылдыру, өзін тәртіпке салуға тәрбиелеу, еріктілік қасиеттерін жетілдіруге және өзін өзі бағалай білуге

Бағдарламаның нәтижесі мен қорытындысы:

1. Әр жеке тұлға өзіндік ерекшеліктерін көрсете біледі, басқада қырынан ашыла біледі. Әрі төзімдік, шыдамдылық сол сияқты рухани адами қасиеттерін дамыта түседі.

2. Жарыс кезінде ешқандай тәртіп бұзылмайды. Оқушылардың пәнді игеруімен қатар ұжымда жұмыстана білуі қалыптасады.

